

Бекітемін
Директор Ж.Т.Жанайдаров

« 31 » 08 2021 о.ж

Келісемін
Мектеп директорының орынбасары
Б.Ж.Қалапбергенова

« 31 » 08 2021 о.ж

ӘБ отырысында қаралды
Хаттама №1
ӘБ жетекшісі Г.Н.Ибрашева
« 31 » 08 2021 о.ж

М.Арын атындағы Қарғалы ұзақ орта мектебі
Мектепалды даярлық сыныбының
Перспективалық жоспары

Тәрбиеші: Б.С.Орыналиева

2021-2022 оқу жылы

ТҮСІНІК ХАТ

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі ұлттық даму стратегиясымен тығыз байланысты мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Бала — біздің болашағымыз. Олай болса, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі. Ол — үздіксіз білім берудің алғашқы деңгейі. Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты — баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы болып отыр.

Еліміздің 12 жылдық жалпы орта білім беруге көшуіне байланысты жаңа мемлекеттік стандартты енгізу, мектепке дейінгі ұйымдардың педагогикалық үдерістерін жаңа бағдарламалармен, оны жүргізудің тиімді әдістерімен қамтамасыз ету қажеттілігі туды. Сонымен қатар, мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды (5-6 жас) тәрбиелеу мен оқыту бағдарламаларын дайындау — уақыт сұранысына айналды. Ұсынылып отырған бағдарламасы мектепке дейінгі 5-6 жастағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудың психологиялық-педагогикалық және мазмұндық аспектілерін ашады және негізгі құзіреттіліктерді қалыптастырудың міндеттерін жүзеге асырады.

Бағдарламаның мазмұны баланың жеке жас ерекшелігінің мүмкіншіліктерін ашуға, бала тұлғасын жан-жақты дамытуға, жалпыадамдық, ұлттық құндылықтарға негізделген білім жүйесін қалыптастыруға, әлеуметтік ортада оң қатынастарға қабілетті шығармашыл тұлғаны дайындауға бағытталған мектепке дейінгі ересек жас балаларын тәрбиелеу мен оқытудың мақсаттарын шешуді көздейді.

Негізгі міндеттері:

- бала бойында маңызды, шешуші құзіреттіліктерді қалыптастыруға мүмкіндік туғызатын қолайлы пәндік-даму ортасын құру;
 - тәжірибелік, танымдық, шығармашылық іскерлігі мен басқа да бала әрекеті түрлерін қалыптастыру;
 - ұлтжандылық пен халқымыздың мәдени-тарихи дәстүрлері негізінде тәрбиелеу арқылы бала бойына жалпыадамдық, мәдени және адамгершілік құндылықтарды дарыту;
 - полиэтникалық және полимәдени мегаполисте ұлтаралық қатынастардың үйлесімділігін сақтауға негіз болатын ұлтаралық қатынас мәдениеті негіздерін қалыптастыру;
 - баланы дүниежүзілік және жалпыұлттық құндылықтар рухында тәрбиелеу мақсатында отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның бірлескен мүмкіншіліктерін пайдалану;
 - әр баланың тұлғалық қасиеті және оны ауыспалы өмір жағдайында әрі қарай сәтті дамыту мақсатында өзін-өзі тану, өз ойын еркін білдіру және оны іске асыру дағдыларын жетілдіру;
 - салауатты өмір салты негіздерін қалыптастыру мақсатында баланың толыққанды физиологиялық дамуын қамтамасыз ету үшін қолайлы кеңістік құру;
 - әр баланың интеллектуалдық қабілеттері мен шығармашылық әлеуетін дамыту;
 - мектепте білім алуға жан-жақты дайындау.
- Мектепке дейінгі 5-6 жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастыру мынадай негізгі педагогикалық **ұстанымдарға** сүйенеді:
- **мәдени сәйкестілік ұстанымы** — аймақтық, ұлттық және әлемдік мәдени құндылықтарды пайдалану арқылы балалар ұйымының жұмысын мәдени орталық қатынас жасау арқылы ұйымдастыру;
 - **тәрбиелей отырып оқыту** — баланың нақты ақыл-ойы мен тәжірибелік әрекетін іске асыра отырып, оның бойына ұйымшылдық, тәртіптілік, ұқыптылық, жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыру;
 - **жас ерекшелігі мен жеке ерекшеліктеріне байланысты қатынас жасау** — балалардың жасы мен субъективті тәжірибесіне сәйкес тақырып мазмұны мен жұмыс тәсілдерін таңдау;
 - **жүйелілік** — оқу материалын таңдау мен оны дұрыс жеткізу, оқыту мен тәрбиелеу мазмұнын байыту;
 - **түйсіну мен белсенділік ұстанымы** — балалардың оқу материалын дұрыс түсінуі, қабылдауы мен ақыл-ойының, танымдық үдерісінің даму мәселелерін қарастырады;
 - **қызметтік қатынас ұстанымы** — оқыту мен тәрбиелеу үдерісін бала әрекетін ұйымдастырудың түрлері мен формаларына танымдық компоненттерді кірістіре отырып жүргізуді көздейді;

- **адамгершілік ұстанымы** – педагогтің бала пікірімен санасып, оның сезімі мен көңіл күйін ескеріп, өзіне тең құқылы серіктес ретінде қабылдай отырып, бойына жоғары адами құндылықтар – отаншылдық, туған жерге деген махаббат сезімін дарыту;

- **көрнекілік ұстанымы** – оқытудың эмоционалдық және көрнекілік технологияларын үйлесімді қолдану арқылы қоршаған әлемді қабылдау мен тануға мүмкіншілік туғызу;

- **креативтілік ұстанымы** – мектепке дейінгі балалардың бойында бұрын қалыптасқан дағдыларын өзіндік іс-әрекет жағдайларында қолдану мүмкіндіктерін арттыру арқылы шығармашылыққа тәрбиелеу. Сол арқылы қалыптан тыс міндеттер мен проблемалық жағдайлардың шешімін өздігінен таба білу қажеттіліктерін қолдап, одан әрі жетілдіруге ынталандыру.

Мектепке дейінгі ересек жастағы баланы тәрбиелеу мен дамытудың қорытынды **нәтижесі** - үлкендермен және құрдастарымен қалыпты қарым-қатынаста бола алатын, негізгі құзыреттілікті және дене тәрбиесі, салауатты өмір салты негіздерін меңгерген, мектепте оқуға дайын тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Бағдарлама **бес білім беру саласын** қамтиды және мектепте білім алуға бағытталған баланың әлеуеттік мүмкіндігін ашуды көздейді.

Әр саланың мазмұны төмендегідей **құзыреттіліктерді** қалыптастыруға бағытталған:

- **денсаулық сақтау;**
- **коммуникативтік-тілдік;**
- **танымдық;**
- **шығармашылық;**
- **әлеуметтік.**

Бағдарламаның мазмұнын іске асыру – белгілі бір мақсатқа бағытталған, бір-бірімен тығыз байланысты дербес бөлімдерден тұратын білім беру салаларының жұмысын жүргізу болып табылады.

«**Денсаулық**» **білім беру саласында** балалардың денсаулығын нығайтуға, салауатты өмір салтының ережелерін саналы түрде сақтауын қалыптастыруға, бала ағзасы мен маңызды қозғалыс дағдыларының функционалды мүмкіндіктерін жетілдіруге бағытталған педагогикалық жұмыстардың шарттары мен мазмұны, міндеттері белгіленген.

«**Қатынас**» **білім беру саласында** байланыстырып сөйлеуін, мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың тілдік әрекетке жеке қабілеттерін, мазмұнды диалог пен монолог құра білу іскерлігін, сауат ашу және жазуды меңгеруге дайындау мақсатында тілдік шығармашылығын көрсетуге бағытталған жұмыстардың мазмұны мен міндеттері қарастырылады.

«**Таным**» **білім беру саласында** баланың қоршаған ортада бағдарын кеңейтіп, толықтыру, салыстыру, талдау, жалпылау, байқау, үлгілеу, қарапайым іздеу әрекеттерін меңгеру, табиғатты қорғау тәсілдерін меңгеруі, түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған педагогикалық жұмыстардың міндеттерін, мазмұны мен шарттарын айқындап көрсетеді.

«**Шығармашылық**» **білім беру саласында** баланың әлемге деген эстетикалық қатынасы мен ұлттық, классикалық және заманауи көркем құралдарының дамуымен бірге қалыптасуы қарастырылады. Балалар шығармашылығы мен әрекеттерін біріктіру арқылы балалардың көркемдік қабілеттерін қалыптастырады.

«**Әлеумет**» **білім беру саласында** - әлеуметтендіруді қоғамдық қатынастар жүйесіне енгуге қажетті балалардың әлеуметтік-мәдени тәжірибелерінің дамуы ретінде қарастырып, еңбек және білім-білік дағдыларын, қағидалар, құндылықтар, салт-дәстүрлер, ережелер, тұлғаның әлеуметтік қасиеттерін қалыптастыру мәселелері қарастырылады.

Сонымен қатар, бұл сала кіріктірілген сипатта жұмыс атқарып, төрт білім беру саласының мазмұнын іске асырады. Балалардың әрекеттерін түрлендіруді ұйымдастыру негізінде олардың үлкендермен, құрбыларымен қарым-қатынас жасауда қарапайым өзін-өзі бақылау мен реттеу дағдыларын қалыптастырады.

Бағдарламада балалардың мәдени дағдылары, білімділігі, тұлғаның әлеуметтік қасиеттерінің дамуы және бірлесіп жұмыс жасау, қоршаған ортаға қамқорлық, бәсекелестік және ынтылылық, дербестік пен тәуелсіздік, әлеуметтік ортаға бейімделушілік, ашықтық, икемділік сияқты мінез-құлық негіздерінің төселуіне ерекше көңіл бөлінген.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Түсіндірме жазба

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5 және 14-баптарына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелді) талаптарына сәйкес әзірленді.

2. Бағдарламаның мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларды, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру аясында ұлттық салт-дәстүрлерге және жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген патриотизм мен толеранттылыққа тәрбиелеу, сондай-ақ балалардың мектепте оқуға әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік, физикалық және зияткерлік дайындығын қалыптастыру.

3. Бағдарламаның міндеттері: баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды және олардың әлеуметтенуін қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы орта құру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың зияткерлік, әлеуметтік және тұлғалық дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіру, инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, тәрбиелеу, дамыту және оқыту міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, мектепке дейінгі ұйым, мектеп пен отбасының бірлескен ынтымақтастығы, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде ата-аналар қауымдастығының қажеттілігін қанағаттандыру.

4. Бағдарлама мазмұны:

- 1) күтілетін оқыту нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге;
- 2) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастық пен үздіксіздік қағидаларын қамтамасыз етуге;
- 3) бастауыш білім беру ұйымдарында мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді жасауға;
- 4) қимылды, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік және дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын соның ішінде ерте жастағы балаларда қалыптастыруға;
- 5) тәрбие мен оқытудың психологиялық-педагогикалық жағдай жасауға;
- 6) тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу қызметіне дайындыққа;

7) "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыруға;

8) креативтілікті, коммуникабельдікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған.

5. Әрбір білім беру саласындағы күтілетін нәтижелер жартыжылдықтар бойынша берілген.

6. Бағдарламаның мазмұны балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, келесі жас топтарында іске асырылады:

1) бөбек жасы – 0-3 жас:

нәрестелік жас – туғаннан бастап;

ерте жас – 1 жастан бастап (ерте жас тобы);

кіші жас – 2 жастан бастап (кіші топ);

2) мектепке дейінгі жас – 3-6 жас:

орта жас – 3 жастан бастап (ортаңғы топ);

ересек жас – 4 жастан бастап (ересек топ);

мектепалды жас – 5 жастан бастап (мектепалды тобы, мектепалды сыныбы).

7. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын тәрбиеленушілердің игеру мерзімі - 5 жыл.

8. Бағдарлама меншік нысанына қарамастан, мектепке дейінгі ұйымдардың барлық түрлеріне және мектепалды даярлық сыныптарына ұсынылады.

6-тарау Мектепалды топ/сынып (5 жастан бастап)

1-параграф. "Денсаулық" білім беру саласы

158. "Денсаулық" білім беру саласының базалық мазмұны дене шынықтыру, қауіпсіз мінез-құлық негіздері ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады.

159. "Денсаулық" білім беру саласын ұйымдастыру және өткізу балалардың өмірін қорғауға, денсаулығын нығайтуға және негізгі қимыл түрлерін қалыптастыруға бағытталған.

160. **Мақсаты:** денсаулық сақтау технологиясын қолданып, ойындар мен жаттығулар арқылы денешынықтыруға қызығушылықты, қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қалыптастыру болып табылады.

161. Міндеттері:

-дене сапаларын қалыптастыру;

- тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларына жаттықтыру;
- қимылды және командадағы жарыс сипатындағы ойындарды, негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы балалардың қимыл тәжірибелерін байыту;
- шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дене шынықтырудың түрлі нысандарында дамыту;
- балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімділігіне, жалпақ табандылықтың алады-алуға медициналық- педагогикалық бақылау жүргізу;
- ұлттық қимылды ойындарды өткізуге жағдай жасау.

4-параграф. "Қатынас" білім беру саласы

166. **"Қатынас"** білім беру саласының базалық мазмұны сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сауат ашу негіздері, орыс тілі (қазақ тілінде оқытылатын топтарда) ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады.

167. **Мақсаты:** ересектермен және балалармен еркін қарым - қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру, орыс тілін білу, оқу мен жазудың бастапқы дағдыларын меңгеруге дайындау, көркем әдебиетке қызығушылыққа баулу; балалардың шығармашылық белсенділігі мен бастамашылдығын дамыту.

168. Міндеттері:

- коммуникативтік біліктер мен дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдау және есту қабілеті, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға дайындау;
- қазақ халқының және басқа халықтардың салт-дәстүрлерін, мәдениетін құметтеуге тәрбиелеу;
- әрекеттердің алуан түрлі нысандары мен түрлерінде ауызша сөйлеуді дамыту;
- ойынды, биді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.

7-параграф. "Таным" білім беру саласы

177 **"Таным"** білім беру саласының базалық мазмұны математика негіздері, құрастыру, жаратылыстану ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады.

178. **Мақсаты:** коммуникативтік-танымдық қабілеттерді, математикалық және логикалық ойлауды қалыптастыру болып табылады.

179. Міндеттері:

- таным процестерін: зейінді, есті, қабылдауды, шығармашылық қабілеттерін, қиялды дамыту;

-ақыл-ой әрекетінің тәсілдерін жаттықтыру (талдау, біріктіру, салыстыру, жалпылау, топтастыру, құрастыру, модельдеу, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау), қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру;
-табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, тірі табиғат нысандарына жанашырлық сезімді, қоршаған ортаға қарым-қатынасы бойынша өз әрекетінің кейбір қарапайым нәтижесін көре білуге жаттықтыру,
-сыни ойлау дағдылары мен шығармашылық қабілеттерін дамыту;
-коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларды дамыту: командада жұмыс істей білу дағдылары, өздерінің пікірлерін айту, басқа адамдардың пікірлеріне құрмет білдіру;
экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру.

10-параграф. "Шығармашылық" білім беру саласы

186. "Шығармашылық" білім беру саласының базалық мазмұны сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, музыка ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады.

187. **Мақсаты:** шығармашылық қабілеттерін дамыту, қиялды, байқағыштықты және қоршаған ортаны бейнелі қабылдай білуді, өз ойларын, сезімдерін көркем түрде бере білу біліктерін қалыптастыру болып табылады.

188. Міндеттері:

-балалардың өнер туындыларын қабылдау қабілеттілігін, эмоционалды қатынасын қалыптастыру;
-бірлесіп жұмыс жасау, жұмысты ұжыммен орындау дағдыларын қалыптастыру;
-өз жұмысының нәтижесін бағалауға үйрету;
-балалардың түсінігіне жақын 2-3 қазақ халқының өнер түрлерімен таныстыру;
-безендірудің мәнерлі құралдарымен, балалар кітаптарындағы иллюстрациялармен, олардың авторларымен таныстыру;
-балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаға эстетикалық қызығушылығын арттыру;
-халық ойыншықтары туралы түсініктерін кеңейту;
-балаларды бейнелеу өнерінің түрлерімен таныстыруды жалғастыру (живопись, графика, скульптура, сәндік-қолданбалы өнер);
живопись және скульпторлық мүсіндердің туындыларымен таныстыруды жалғастыру (картиналар және репродукциялық картиналар);
балаларды өнер туындыларын, олардың түрлерін дербес қарастыруды, мәнерлік құралдарына және мазмұнына көңіл аударуға баулу (ырғақ, түс, пішін, композиция).

13-параграф. "Әлеумет" білім беру саласы

197. "Әлеумет" білім беру саласының базалық мазмұны өзін-өзі тану, қоршаған ортамен танысу ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады.

198. "Әлеумет" білім беру саласын ұйымдастыру мен жүргізу әлеуметтік сипаттың бастапқы ұғымын меңгеру мен балаларды әлеуметтік қатынас жүйесіне ендіру мақсатына жетуге бағытталған және барлық білім беру саласы арқылы жүзеге асырылады.

199. **Мақсаты:** ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауда, қоршаған ортамен таныстыру негізінде әлеуметтік дағдыларын дамыту және қалыптастыру болып табылады.

200. Міндеттері:

-жеке тұлғаның әлеуметтік қасиеттерін дамыту: ынтымақтастық, қоршаған ортаға қамқорлық көрсету, бастамашылдық, дербестік, тәуелсіздік, ашықтық, әлеуметтік икемділік, мәдениетті және экологиялық сауаттылық;

-құрдастары мен ересектердің арасындағы қарым-қатынастың жалпы қабылданған қарапайым нормалары мен ережелерін үйрету;

-өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі реттеудің қарапайым қабілеттерін тәрбиелеу.

Түсінік хат

Жаңа буынның төмендегі нормативтік құжаттарға сәйкес дайындалған «Дене шынықтыру» әдістемелік нұсқауы төмендегі құжаттардың негізінде жазылды:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (*Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 ж. 15 мамырдағы № 292 қаулысымен бекіген*). Аталған стандарт Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі және мектепалды даярлық білім берудің **жаңа методологиялық негізін** анықтайды;

2. 1 жастан 6 (7) жастағы балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (*Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 22 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекіген*);

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (*Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекіген*).

Сонымен қатар әдістемелік нұсқауды жазуда бағдарламада көрсетілген 5 негізгі саланың бірі – «Денсаулық» білім беру саласының нұсқаулары есепке алынды.

Әдістемелік нұсқаудың негізгі мақсаты – аталған нормативтік құжаттарда көрсетілген мектепалды даярлық пен бастауыш мектеп арасындағы оқытудың бірізділігін сақтау.

Бағдарламада «Дене шынықтыру» ұйымдастырылған оқу қызметінде (ҰОҚ) оқыту және тәрбиелеудің келесі мақсаттары мен міндеттері айқындалған:

Мақсаты: қимыл-қозғалыс дағдылары мен ептілігінің дамуы, қимыл-қозғалыс мәдениетін меңгеру.

Міндеттері:

- дене сапаларын қалыптастыру;
- тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларына жаттықтыру;
- қимылды және командадағы жарыс сипатындағы ойындарды, негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы балалардың қимыл тәжірибелерін байыту;
- шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дене шынықтырудың түрлі нысандарында дамыту;
- балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімділігіне, жалпақ табандылықтың аладын-алуға медициналық-педагогикалық бақылау жүргізу;
- ұлттық қимылды ойындарды өткізуге жағдай жасау.

Күтілетін нәтижелер:

- ертеңгілік гимнастиканың жаттығулар кешенін орындай алады, негізгі қимылдардың алуан түрлерін орындауда - сандық және сапалық көрсеткіштерге ие;
- қозғалыс ойындарында ойын ережелерін сақтайды;
- бір қатарға қайта тұра алады, сап түзеп жүруден бір және екі қатармен қайта тұра алады, бір орында бұрылады;
- спорттық ойын элементтерін және жаттығуларын меңгерген;
- гигиеналық шараларды дербес орындайды;
- шынықтыру шараларының маңыздылығы мен қажеттілігін түсінеді.

«Дене шынықтыру» пәні бойынша мектепалды даярлық сыныбының ұйымдастырылған оқу қызметінің күнтізбелік – тақырыптық жоспар
Анталық жүктеме 2,5 сағат, жылдық жүктеме 82.5 сағат.
2021-2022 оқу жылына арналған.

Білім беру саласы: «Денсаулық»
 Бөлімі: «Дене шынықтыру»

Ортақ тақырыптар	Бағдарламаның қосымша бөліміне сілтеме	Сабақтың оқыту мақсаты	Сабақ тақырыбы	Сағат саны	Өту мерзімі
Мен кімін және қандаймын?	Денсаулықты нығайту Қозғалыс	Заттармен және заттарсыз жалпы дамытушы жаттығуларды орындау Секірудің әртүрлі түрлерін орындау, тепе-теңдікті сақтай отырып өзгермелі жағдайлардағы секірулер	Спорт залымен, сабақтағы қауіпсіздік техникасымен танысу	1	
	Қозғалыс	Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қарапайым дене жаттығуларымен алмастыру	Менің топтағы достарым	2	
	Қозғалыс Дене қуаты қасиеті	Бір орында тұрып және қозғалыс барысында сапқа тұру түрлерін, сапта тұзу жүру түрлерін орындау Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қарапайым дене жаттығуларымен алмастыру	Менің дене құрылысым	1	
	Дене бітімді жетілдіру Қозғалыс Дене қуаты қасиеті	Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындау	Мен күштімін, ептімін және іскермін	2	
	Денсаулықты нығайту Қозғалыс Дене қуаты қасиеті	Заттармен және заттарсыз жалпы нығайтушы жаттығуларды орындау Допты домалату, лақтыру және қағып алу, допты жерге оң қолмен және сол қолмен соғу, екі қолымен басынан асыра лақтыру және бір қолмен кедергіден лақтыру.	Мен осындаймын, біз осындаймыз	1	
	Қозғалыс Топта жұмыс жасау	Бір орында тұрып және қозғалыс барысында сапқа тұру түрлерін, сапта тұзу жүру түрлерін орындау	Мен болашақ спортшымын	1	
	Қозғалыс Ойындағы шығармашылық қабілеттер	Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қарапайым дене жаттығуларымен алмастыру Секірудің әртүрлі түрлерін орындау, өзгермелі жағдайлардағы секірулер	Менің сүйікті жануарларым	1	
	Дене қуаты Топта жұмыс жасау	Дене қуаты қасиеттерін көрсету: әртүрлі дене әрекеті түрлеріндегі ептілік, тепе теңдік, үйлесімділік, күш, жылдамдық пен реакция Алуан түрлі ойын түрлерінде әртүрлі дене жаттығуларын орындау барысында басқа қатысушыларға тактикалық көмек көрсету	Менің сүйікті ойындарым	1	

Мектепке не үшін барамыз?	Дене бітімді жетілдіру Қозғалыс Дене қуаты қасиеті Ойындағы шығармашылық қасиеттер	Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындау Дербес түрде таныс қимыл-қозғалыс ойындарды және жаттығуларды өткізу	Бірінші бол!	1	
	Қозғалыс Дене қуаты қасиеті Ойындағы шығармашылық қасиеттер	Дене қуаты қасиеттерін көрсету: әртүрлі дене әрекеті түрлеріндегі ептілік, тепе-теңдік, үйлесімділік, күш, жылдамдық пен реакция Командалық ойындар рөлдері ментәсілдерін қолдануға үйрету.	Өз мінез құлқымызды басқарып үйренеміз	2	
	Дене бітімді жетілдіру Қозғалыс Дене қуаты қасиеті Топта жұмыс жасау	Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындау Алуан түрлі ойын түрлерінде әртүрлі дене жаттығуларын орындау барысында басқа қатысушыларға тактикалық көмек көрсетуге баулу.	Әдемі жүріп үйренеміз	1	
	Денсаулықты нығайту Қозғалыс Топта жұмыс жасау	Заттармен және заттарсыз жалпы дамытушы жаттығуларды орындау. Командалық ойындар рөлдері мен тәсілдерін қолдануға үйрету.	Денсаулық сабағы	1	
	Қозғалыс Дене шынықтырудағы техника мен тактика	Қашықтыққа, көлденең және тік нысанаға лақтыра білу. Түрлі спорттық ҰОҚ-ға қажетті ресурстарды анықтау және олардың қауіпсіздігін ескере отырып қолдану	Қыздар мен ұлдар жарысы	1	
	Қозғалыс Дене қуаты қасиеті Ойындағы шығармашылық қасиеттер	Ойындағы шығармашылық қабілеттерді дамыту (ойынның түрлі нұсқаларын ойлап табу, қимылдарды құрастыру)	Организмді шынықтырамыз	1	
	Дене бітімді жетілдіру Қозғалыс Дене қуаты қасиеті Топта жұмыс жасау	Алуан түрлі ойын түрлерінде әртүрлі дене жаттығуларын орындау барысында басқа қатысушыларға тактикалық көмек көрсету	Жүппен дене бітімін жетілдіру	1	
	Дене бітімді жетілдіру Қозғалыс Дене қуаты қасиеті	Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қарапайым дене жаттығуларымен алмастыру	Біз спортпен айналысып, тез өсеміз	1	
Менің айналада кімдер бар?	Дене қуаты қасиеті Топта жұмыс жасау	Кеңістікте, уақытта бағдарлануды, орындық/бөрене арқылы жоғары және төмен жүру барысында және берілген қалыпта тепе-теңдікті сақтау ептілігін дамыту	Күшті, әрі епті боламыз	1	
	Денсаулықты нығайту Қозғалыс Дене қуаты қасиеті	Дене қуаты қасиеттерін көрсету: әртүрлі дене әрекеті түрлеріндегі ептілік, жылдамдық пен реакция	Дене мүсінін күтеміз	1	

	Қозғалыс Топта жұмыс жасау	Бір орында тұрып және қозғалыс барысында сапка тұру түрлерін, сапта түзу жүру түрлерін орындау Алуан түрлі ойын түрлерінде әртүрлі дене жаттығуларын орындау барысында басқақатысушыларға тактикалық көмек көрсету	Сыныптағы достарым	1	
	Дене бітімді жетілдіру Қозғалыс Дене қуаты қасиеті Топта жұмыс жасау	Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындау Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қарапайым дене жаттығуларымен алмастыру Командалық ойындар рөлдері мен тәсілдерін қолдану	Біз достармен ойнаймыз	1	
	Қозғалыс Дене шынықтырудағы техника мен тактика	Бір орында тұрып және қозғалыс барысында сапка тұру түрлерін, сапта түзу жүру түрлерін орындау Түрлі спорттық ҰОҚ-ға қажетті ресурстарды анықтап, оларды қауіпсіздік техникасына сәйкес қолдану	Біз-ортақ бір отбасы	1	
	Дене бітімді жетілдіру Қозғалыс Дене шынықтырудағы техника мен тактика	Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындау Секірудің әртүрлі түрлерін орындау, өзгермелі жағдайлардағы секірулер	Досыңды сенімді қимылдауға үйрет	1	
	Денсаулықты нығайту Қозғалыс Топта жұмыс жасау	Заттармен және заттарсыз жалпы нығайтушы жаттығуларды орындау Дене қуаты қасиеттерін көрсету: әртүрлі дене әрекеті түрлеріндегі ептілік, жылдамдық пен реакция Командалық ойындар рөлдері мен тәсілдерін қолдану	Хайуанаттар бағы	1	
	Денсаулықты нығайту Қозғалыс	Допты домалату, лақтыру және қағып алу, допты жерге оң қолмен және сол қолмен ұру, екі қолымен басынан асыра лақтыру және бір қолмен кедергіден лақтыру.	Қимыл қозғалыс көңіл күйді жақсартамыз	1	
Менің айналымды не көршіп тұр?	Қозғалыс Дене қуаты қасиеті	Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қарапайым дене жаттығуларымен алмастыру Өрмелеу, өрмелеп шығу, астымен еңбектеу, еңбектеп өту түрлерін орындау Дене қуаты қасиеттерін көрсету: әртүрлі дене әрекеті түрлеріндегі ептілік, жылдамдық пен реакция	Қысқы табиғаттың ғажайып әлемі	1	
	Денсаулықты нығайту Қозғалыс Дене қуаты қасиеті	Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қарапайым дене жаттығуларымен алмастыру	Жыл мезгілдері	1	
	Дене бітімді жетілдіру Қозғалыс Дене шынықтырудағы техника мен тактика	Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындау	Жәндіктер әлемі	2	
	Дене бітімді жетілдіру Қозғалыс Дене қуаты қасиеті	Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындау Бір орында тұрып және қозғалыс барысында сапка тұру түрлерін, мәнерлі сап түзу, жүру түрлерін орындай алады.	Суасты әлемінің таңғажайыптары	2	

	Қозғалыс Дене қуаты қасиеті Дене шынықтырудағы техника мен тактика	Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қарапайым дене жаттығуларымен алмастыру Кеңістікті, уақытты бағдарлауды, орындық/бөрене арқылы жоғары және төмен жүру барысында және берілген қалыпта тепе-теңдікті сақтау ептілігін дамыту	Айналамыздағы әлем	2	
Жолдар бізді қайда бастайды?	Қозғалыс Дене қуаты қасиеті Топта жұмыс жасау	Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қарапайым дене жаттығуларымен алмастыру Дене қуаты қасиеттерін көрсету: әртүрлі дене әрекеті түрлеріндегі ептілік, жылдамдық пен реакция Командалық ойындардың рөлдері мен тәсілдерін қолдану	Керуен	1	
	Қозғалыс Дене қуаты қасиеті Топта жұмыс жасау	Бір орында тұрып және қозғалыс барысында сапқа тұру түрлерін, сапта түзу жүру түрлерін орындау Алуан түрлі ойын түрлерінде әртүрлі дене жаттығуларын орындау барысында басқа қатысушыларға тактикалық көмек көрсету	Ұлы Жібек жолы	1	
	Қозғалыс Дене қуаты қасиеті Топта жұмыс жасау Ойындағы шығармашылық қабілеттер	Бір орында тұрып және қозғалыс барысында сапқа тұру түрлерін, сапта түзу жүру түрлерін орындау	Қазақстанның оңтүстігінен солтүстігіне саяхат	2	
	Денсаулықты нығайту Қозғалыс Дене қуаты қасиеті	Секірудің әртүрлі түрлерін орындау, тепе-теңдікті сақтай отырып өзгермелі жағдайлардағы секірулерді жасай алады.	Шетелге саяхат	2	
	Дене бітімді жетілдіру Қозғалыс Дене қуаты қасиеті	Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындау Бір орында тұрып және қозғалыс барысында сапқа тұру түрлерін, сапта түзу жүру түрлерін орындау	Байқоңыр	1	
	Қозғалыс Дене қуаты қасиеті Топта жұмыс жасау	Кеңістікті, уақытты бағдарлауды, орындық/бөрене арқылы жоғары және төмен жүру барысында және берілген қалыпта тепе-теңдікті сақтау ептілігін дамыту. Алуан түрлі ойын түрлерінде әртүрлі дене жаттығуларын орындау барысында басқа қатысушыларға тактикалық көмек көрсету.	Ғарышқа саяхат	1	
Сялт дәстүрлерді білу не үшін керек?	Дене бітімді жетілдіру Қозғалыс Дене қуаты қасиеті	Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындау	Туған өлке	1	

	Дене бітімді жетілдіру Қозғалыс Дене қуаты қасиеті Топта жұмыс жасау	Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қарапайым дене жаттығуларымен алмастыру Әділетті ойын мен әділетті төрелік белгілерін анықтау	Ат жарысы	2	
	Дене бітімді жетілдіру Қозғалыс Дене қуаты қасиеті	Бір орында тұрып және қозғалыс барысында сапқа тұру түрлерін, сапта тұзу жүру түрлерін орындау Дене қуаты қасиеттерін көрсету: әртүрлі дене әрекеті түрлеріндегі ептілік, жылдамдық пен реакция	Батырлар	1	
	Дене бітімді жетілдіру Қозғалыс Дене қуаты қасиеті Топта жұмыс жасау	Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындау Әділетті ойын мен әділетті төрелік белгілерін анықтай алады.	Даңқы асқақ тұлғалар	1	
	Қозғалыс Дене қуаты қасиеті	Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қарапайым дене жаттығуларымен алмастыру Гимнастикалық орындық пен еңіс тақтайдың бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау	Мерген	2	
	Денсаулықты нығайту Қозғалыс Дене қуаты қасиеті Топта жұмыс жасау	Заттармен және заттарсыз жалпы дамытушы жаттығуларды орындауға, қашықтыққа, көлденең және тік нысанаға лақтыру, командалық ойындар рөлдері мен тәсілдерін қолдануға меңгерту.	Аңшылар	2	
	Дене қуаты қасиеті Топта жұмыс жасау Дене шынықтырудағы техника мен тактика	Секірудің әртүрлі түрлерін орындау, тепе-теңдікті сақтай отырып өзгермелі жағдайлардағы секірулер Командалық ойындар рөлдері мен тәсілдерін қолдану.	Жайлаудағы ойындар	2	
	Қозғалыс Дене қуаты қасиеті	Ойындағы шығармашылық қабілеттерді дамыту (ойынның түрлі нұсқаларын ойлап табу, қимылдарды құрастыру)	Қыстаудағы ойындар	2	
Мен үшін не дәмді және пайдалы?	Дене формасын жетілдіру Қозғалыс Дене қуаты қасиеті	Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындау.	Біз жас баскетболшылармыз	1	
	Қозғалыс Дене қуаты қасиеті Дене шынықтыру техника мен тактика	Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қарапайым дене жаттығуларымен алмастыру Дене қуаты қасиеттерін көрсету: әртүрлі дене әрекеті түрлеріндегі ептілік, жылдамдық пен реакция	Баскетбол ойнаймыз	1	
	Қозғалыс Дене қуаты қасиеті Ойындағы шығармашылық қабілеттер	Бір орында тұрып және қозғалыс барысында сапқа тұру түрлерін, сапта тұзу жүру түрлерін орындау Ойындағы шығармашылық қабілеттерді дамыту (ойынның түрлі нұсқаларын ойлап табу, қимылдарды құрастыру)	Баскетболшыларды жұппен жаттықтыру	1	
	Дене формасын жетілдіру Қозғалыс	Кеңістікті, уақытты бағдарлауды, орындық/бөрене арқылы жоғары және төмен жүру барысында және берілген қалыпта тепе-теңдікті сақтау ептілігін дамыту	Баскетболшыларды жаттықтыру айналма жаттығу	1	

	Дене қуаты қасиеті Дене шынықтыру техника мен тактика	Түрлі спорттық ҰОҚ-ға қажетті ресурстарды анықтау және техника қауіпсіздігін ескере отырып қолдану			
	Қозғалыс Дене қуаты қасиеті Дене шынықтыру техника мен тактика	Секірудің әртүрлі түрлерін орындау, тепе-теңдікті сақтай отырып өзгермелі жағдайлардағы секірулер Әділетті ойын мен әділетті төрелік белгілерін анықтау	Көңілді жаттығулар	2	
	Дене бітімді жетілдіру Қозғалыс Дене қуаты қасиеті Дене шынықтыру техника мен тактика	Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындау. Кеністікті, уақытты бағдарлауды, орындық/бөрене арқылы жоғары және төмен жүру барысында және берілген қалыпта тепе-теңдікті сақтау ептілігін дамыту	Ерекше сайыстар	1	
	Дене бітімді жетілдіру Қозғалыс Дене қуаты қасиеті	Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындау Ойындағы шығармашылық қабілеттерді дамыту (ойынның түрлі нұсқаларын ойлап табу, қимылдарды құрастыру)	Тым жоғары белсенділік	1	
	Дене бітімді жетілдіру Қозғалыс Дене қуаты қасиеті	Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындау Секірудің әртүрлі түрлерін орындау, тепе-теңдікті сақтай отырып өзгермелі жағдайлардағы секірулер	Пайдалы және зиянды әдет	3	
Денсаулықты қалай күту керек?	Қозғалыс Дене қуаты қасиеті Ойындағы шығармашылық қабілеттер	Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қарапайым дене жаттығуларымен алмастыру Гимнастикалық орындық пен еңіс тақтайдың бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау.	Денсаулыққа не пайдалы?	1	
	Денсаулықты нығайту Қозғалыс Дене қуаты қасиеті	Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қарапайым дене жаттығуларымен алмастыру Допты домалату, лақтыру және қағып алу, допты жерге оң қолмен және сол қолмен ұру, екі қолымен басынан асыра лақтыру және бір қолмен кедергіден лақтыру	Шыныққан, әрі шымыр боламыз	2	
	Қозғалыс Ойындағы шығармашылық қабілеттер	Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қарапайым дене жаттығуларымен алмастыру Құрдастарының шағын тобымен таныс ойындарды ұйымдастыруда дербестік пен бастамашылдықты дамыту	Жас футболшылар	1	
	Дене бітімді жетілдіру Топта жұмыс жасау	Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындау Алуан түрлі ойын түрлерінде әртүрлі дене жаттығуларын орындау барысында басқа қатысушыларға тактикалық көмек көрсету	Футбол алаңында жаттығу	2	
	Дене бітімді жетілдіру Қозғалыс Дене қуаты қасиеті Топта жұмыс жасау	Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қарапайым дене жаттығуларымен алмастыру Әділетті ойын мен әділетті төрелік белгілерін анықтау	Шабандоздар	1	

	Дене қуаты қасиеті Топта жұмыс жасау	Дербес түрде таныс қимыл-қозғалыс ойындарды және жаттығуларды өткізу	Ойын ойнап, денсаулықты нығайтамыз	2	
	Қозғалыс Дене қуаты қасиеті	Гимнастикалық орындық пен еңіс тақтайдың бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау Құрдастарының шағын тобымен таныс ойындарды ұйымдастыруда дербестік пен бастамашылдықты дамыту	Денсаулықты қалай күтуге болады?	2	
	Қозғалыс Дене қуаты қасиеті Топта жұмыс жасау	Өрмелеу, өрмелеп шығу, астымен еңбектеу, еңбектеп өту түрлерін орындау Алуан түрлі ойын түрлерінде әртүрлі дене жаттығуларын орындау барысында басқа қатысушыларға тактикалық көмек көрсету	Шымыр болам десең-шынық	2	
Барлығы: 80 сағат					

Түсінік хат

«Жапсыру» оқу-әдістемелік кешені жаңа буынның төмендегі нормативтік құжаттарына сәйкес дайындалған.

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (*Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 ж. 15 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген*). Аталған стандарт Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі және мектепалды даярлық білім берудің жаңа методологиялық негізін анықтайды;

2. 1 жастан 5(6) жастағы балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (*Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 22 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген*);

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (*Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген*). Жаңартылған бағдарлама мектепке дейінгі білім берудің контекстегі 5 білім беру саласына жаңа мазмұн ұсынып отыр.

ОӘК дайындаудың негізгі мақсаты – аталған нормативтік құжаттарда көрсетілген мектепалды даярлық пен бастауыш мектеп арасындағы оқытудың бірізділігін сақтау.

Мектепалды дайындық сыныбына арналған «Аппликация» әдістемелік нұсқауының мақсаты айшықты жапсыру бейнелерін жасау, композиция құру дағдыларын дамыту, кию тәсілдерін меңгерген кезде көру және қозғалу үйлесімділігін дамыту арқылы Оқу-әдістемелік кешеннің негізгі тұжырымдамасы бейнелеу өнерінің құралдары (аппликация) арқылы тұлға қалыптастыру, тәрбиеленушілердің біртұтас оптимистік дүниетанымын білдіруіне ықпал ету, өнердің әртүрлілігін ескере отырып, олардың өз күшімен рухани-эстетикалық орта құруына ықпал ету.

Баланың рухани дамуы, яғни оның бойында шынайы адамгершілік, мейірімділік және әлемді қабылдаудағы толыққанды мәдениеттілік туралы ұғымдарға жауап беретін қасиеттерді қалыптастыру. Тәрбиеленушілердің шығармашылыққа қызығушылықтарын арттыру. Бағдарламаның басты міндеті – баланы адамгершілік пен отансүйгіштікке тәрбиелеу. Бұл міндет әлемдік үдерістер мен байланыстарды шектемей, керісінше, «туған үйдің табалдырығынан жалпы адамзат мәдениетіне дейін» қағидасын оқу-әдістемелік кешеннің негізіне алған.

Міндеттері:

Заттық жапсыру.

Балалардың қайшыны қолдану біліктерін бекіту: жолақшаларды тікбұрыштар етіп кию, шаршыларды үшбұрышты етіп кию, шаршы немесе тікбұрыштың шеттерін кию арқылы дөңгелек пен сопақша пішіндерді қиып алу.

Келесі дағдыларды қалыптастыру:

1) екіге бүктелген қағаздан, түрлі қатпарлы бейнелерді қиюды;

2) қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қиюды;

3) елестету бойынша бірнеше бөліктерден заттар жасауды;

4) жырту тәсілімен жапсыруды.

Қағаздан дайындалған тікбұрыштардан дөңгелек пішіндерді қиып алу, заттарды бірнеше бөліктерден бейнелей білуді бекіту.

Сәндік жапсыру:

1) түрлі пішіндегі қағазда таныс геометриялық элементтерден өрнек құрастыруды үйрету; Бөліктерден бейнелерді құрастыру, мерекелерге арнап үй-жайды безендіру үшін ұжымдық жұмыстарды орындау;

2) ұлттық кілемдерді, ас тақтайшаларын, сүлгілерді, қуыршақтарға арналған ыдыс-аяқтарды, ыдыс-аяқ сақтайтын сөмкелерді, қымыз құятын ыдыстарды (торсық), бұйымдарды, шырша эшекейлері мен ойыншықтарын, жаңа жылдық құттықтау ашық хаттарын, топ бөлмесін безендіруге, қыс тақырыбындағы ұжымдық панно жасауға үйрету.

Сюжеттік жапсыру.

Балаларға қағазға заттарды орналастыру дағдыларын үйрету. Жапсыруларды құрастыру барысында объектілердің көлемі бойынша қатынасын, заттардың бөліктерінің пішінін, құрылымын, қатынастарын көре білу іскерліктерін меңгерту.

Келесі дағдыларды қалыптастыру:

- 1) әлеуметтік жағдайлар мен балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу;
- 2) үлгілер және трафареттермен, дайын киім үлгісімен жұмыс істеу;
- 3) өзінің жұмысын композиция, перспектива ережелеріне сәйкес құру;
- 4) қайшыны, желімді дұрыс қолдану;
- 5) екі бүктелген қағаздан симметриялық пішіндер қию;
- 6) геометриялық элементтерден (дөңгелектер, шаршылар, сопақшалар) өрнектер құрастыру;
- 7) заттарды қазақ ою-өрнектерімен безендіру;
- 8) еңбек қауіпсіздігі және жеке гигиена ережелерін сақтау.

Күтілетін нәтижелер:

- жұмыс тәсілдерін таңдайды және негіздейді;
- қағаздан симметриялық пішіндерді қия алады;
- бірнеше бөліктерден өрнек құрастырады;
- дайын үлгілермен, шаблондармен, трафареттермен жұмыс жасайды;
- геометриялық элементтерден өрнек құрастырады, заттарды қазақ өрнектерімен безендіреді;
- еңбек қауіпсіздігі және жеке бас гигиенасы ережесін сақтайды.

**«Жапсыру» пәні бойынша мектепалды даярлық сыныбының ұйымдастырылған оқу қызметінің
күнтізбелік – тақырыптық жоспар
Апталық жүктеме 1 сағат, жылдық жүктеме 33 сағат.
2021-2022 оқу жылына арналған.**

**Білім беру саласы: «Шығармашылық»
Бөлімі: «Жапсыру»
(аптасына 1 сағат, барлығы 33 сағат**

№	Ортақ тақырыптар	Бөлім	Бөлімше	Оқу мақсаттары	№	Сабақ тақырыбы	Сағат саны	мерзімі
I	Мен кімін және қандаймын?	I. Аппликация бағыты. II. Материалдар мен жәнеқұралдармен жұмыс жұмыстасылдар і және еңбек гигиенасы мен қауіпсіздік ережесі негіздері.	Заттық аппликация. Материалдармен жәнеқұралдармен жұмыс.	Жырту, қиып алу әдістерімен түрлі ертегі бейнелерін, т.б. жасай отырып, қарапайым заттарды жапсыру. Жапсыруға арналған материалдарды тиімді жұмсау (тығыздығы, түсі, текстурасы жағынан әртүрлі қағаздар).	1	Менің көңіл күйім	1	
			Сюжеттік аппликация. Қайшымен жұмыс әдістері. Материалдармен жәнеқұралдармен жұмыс.	Геометриялық пішіндер негізінде қарапайым заттардың бейнесін қию (жолақтарды тіктөртбұрыш, шаршыларды үшбұрыш етіп қию, шаршының немесе тіктөртбұрыштың бұрыштарын қиюарқылы шеңбер және сопақ пішіндерді қиып алу). Жапсыруға арналған материалдарды тиімді жұмсау (тығыздығы, түсі, текстурасы жағынан әртүрлі қағаздар).	2	Менің аулам	1	
			Сәндік аппликация. Қайшымен жұмыс әдістері. Материалдармен жәнеқұралдармен жұмыс.	Қазақстан халықтарының сәндік-қолданбалы өнерінің желісімен, өрнектерді симметриялы ығрақпен, пішіндер меноу элементтерін кезектестіре отырып жапсырудағы өрнекэлементтерінің кеңістіктік қатынасын есепке ала отырып, геометриялық пішіндер, өсімдік элементтері негізінде өрнектерден жапсырулар құрастыру.	3	Қамзол мен шапанды безендіреміз	1	
			Заттық аппликация. Қайшымен жұмыс әдістері. Материалдармен жәнеқұралдармен жұмыс.	Шаблон/есте сақталған үлгі/затқа қарап жапсыруларды құрастыру, сәйкес түсті, пішінді, заттардың фактурасы мен пропорцияларын таңдау, бөлшектерді жапсыру бірізділігін дұрыспайдалану. Симметриялы емес заттарды бейнелеу үшін салынған немесе қиялдағы контур бойынша сұлбаларды қию.	4	Ертегілер елінде	1	
II	Мектепке не үшін	I. Аппликация бағыты.	Сюжеттік аппликация.	Табиғи және қолдан жасалғандардан, екіге бүктелген, қатпарлап бүктелген қағаздардан түрлі симметриялық	5	Мектеп ауласында	1	

	барамыз?	II. Материалдармен және құралдармен жұмыстасу әдістері және еңбек гигиенасы мен қауіпсіздік техникасы негіздері.	Қайшымен жұмыс әдістері.	пішіндерді қиып алу. Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру.				
			Материалдармен және құралдармен жұмыс.					
			Заттық аппликация.	Шаблон/есте сақталған үлгі/затқа қарап жапсыруларды құрастыру, сәйкес түсті, пішінді, заттардың фактурасы мен пропорцияларын таңдау, бөлшектерді жапсыру бірізділігін дұрыспайдалану.	6	Жапырақтардан композиция жасау	1	
3) өлеңдерді, әндерді, мақал-мәтелдерді жаттау бойынша жұмысты жалғастыру.

Күтілетін нәтижелер:

- орыс тілінде дыбыстар мен сөздерді анық айтады;
- өзі, ата-анасы туралы әңгімелеп береді, мекен-жайын атайды;
- сұрақтарға жауап береді, 4-5 сөзден тұратын сөйлемдер құрастырады;
- сөйлегенде зат есімнің жекеше және көпше түрлерін қолданады;
- сөздерді айтқанда, екпінді дұрыс қоя біледі;
- 10-ға дейін тура және кері санай алады;
- қоршаған ортадағы заттардың топтарын, жыл мезгілдерінің белгілері мен табиғаттың жеке құбылыстарын атайды;
- заттардың белгілерін көлемі, түсі бойынша ажыратады және оларды орыс тілінде атайды;
- қарапайым диалог жүргізе біледі;
- ертегілер айтып береді, өлеңдерді, мақал-мәтелдерді жатқа айтады.

Түсінік хат

Бұл әдістемелік нұсқау *Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы* бойынша «Денсаулық» білім беру саласындағы «Қауіпсіз мінез-құлық негіздері» ҰОҚ бойынша дайындалған. Жаңабұынның «Қауіпсіз мінез-құлық негіздері» оқу-әдістемелік кешенітөмендегі нормативтік құжаттарға сәйкес дайындалған:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (*Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 ж. 15 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген*). Аталған стандарт Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі және мектепалды даярлық білім берудің жаңа методологиялық негізін анықтайды;

2. 1 жастан 6(7) жасқа дейінгі балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 22 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген*);

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген*). Жаңартылған бағдарлама мектепке дейінгі білім берудің контекстегі 5 білім беру саласына жаңа мазмұн ұсынып отыр.

ОӘК дайындаудың негізгі мақсаты – аталған нормативтік құжаттарда көрсетілген мектепалды даярлық пен бастауыш мектеп арасындағы оқытудың бірізділігін сақтау.

«Қауіпсіз мінез-құлық негіздері» сабағының мақсаттары пен міндеттері:

Мақсаты: денсаулық сақтау технологияларын қолдана отырып қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын және салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері:

- 1) өзінді таны. Сезім мүшелері. Олардың қызметі. Өз дене мүшелеріне күтім жасау;
- 2) тамақтану. Дәрумендер туралы білім. Су және оның ағзаға қажеттілігі. Азық-түліктер, оларды қолдану тәсілдері;
- 3) аурудың алдын алу. Табиғи факторлардың көмегімен шынықтыру. Ұйқы мен демалысты дұрыс ауыстыру - денсаулық кепілі. Зиянды және пайдалы әдеттер. Әртүрлі азық-түліктерді дайындаудың қарапайым тәсілдері және оларды қолдану. Өзінің және жолдасының сыртқы келбетіне қарап, денсаулық жағдайын анықтай білу, ересектерден көмек сұрау;
- 4) өзіне және өзгелерге көмектес. Шамалы жарақаттанғанда көмек көрсету ережесін білу. Дене шынықтыру жаттығулары арқылы босаңсу кезінде тыныштандыру кешені жайлы білу;
- 5) табиғатты қорғау. Ағаштың түрлері туралы білу. Өсімдіктің түрлерін анықтай білу;
- 6) әлеуметтік әлем. Үйде өзін қауіпсіз ұстаудың қарапайым ережелері. Төтенше қызметтердің телефондарын білу. Балабақшаның ойындық және спорттық орындарында құралдарды қажетіне қарай қолдана білу.

Қоғамдық орындарда қарапайым мәдениеттілік және қауіпсіз мінез-құлық ережелерін меңгеру. Жалпыға ортақ құрал-саймандарды ұқыпты және дұрыс қолдана білу (жедел сатылар, лифттер, әткеншектер).

Күтілетін нәтижелер:

маңызды мүшелердің қызметін біледі, азық-түліктердің атауларын және оларды қолдану тәсілдерін біледі;

жұқпалы аурулар мен олардың белгілері туралы ұғымдарға ие;

үйде, көшеде, қоғамдық орындарда қауіпсіздік мінез-құлық ережелерін біледі және атайды;

өзінде және өзгелерде алғашқы ауру белгілерін байқаған жағдайда ересектерден көмек сұрай алады.

**«Қауіпсіз мінез - құлық негіздері/ валеология» пәні бойынша мектепалды даярлық сыныбының
ұйымдастырылған оқу қызметінің
күнтізбелік – тақырыптық жоспар
Апталық жүктеме 0,5 сағат, жылдық жүктеме 16,5 сағат.
2021-2022 оқу жылына арналған.**

Білім беру саласы: «Денсаулық»

Бөлімі: "Қауіпсіз мінез - құлық негіздері/ валеология"

Бөлім	Бағдарлама бойынша бөлімше	Оқу мақсаттары	№	Ұйымдастырылған оқу қызметінің (ҰОҚ) тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1-бөлім Жеке бас тазалығы	Адамның дене құрылысы	Адамның дене құрылысын білу.	1	Адам денесі	1	
		Адамның дене құрылысын білу. Дұрыс дене бітімін сақтаудың негізгі ережелерін білу және қолдану.	2	Сезім мүшелері	1	
		Адамның дене құрылысын білу. Дұрыс дене бітімін сақтаудың негізгі ережелерін білу және қолдану.	3	Дене бітімі дегеніміз не?	1	
	Дене тазалығы	Ауыз қуысы және дене күтіміне арналған қарапайым тазалық ережелерін білу, қолдану және түсіндіру.	4	Жеке бас тазалығы	1	
1-бөлім Жеке бас тазалығы	Күн тәртібі	Тамақтану, ұйқы, демалыс, күн тәртібін сақтаудың қажеттілігін түсіну.	5	Күн тәртібі дегеніміз не?	1	
	Шынығу	Денсаулықты нығайту әдістері мен шынықтыру түрлерін білу.	6	Қандай шынығу түрлері болады?	1	
2-бөлім Дұрыс тамақтану	Тамақтану ережесі	Дұрыс тамақтану ережелерін білу және қолдану Тамақтану мәдениетін және тамақтану мәдениетін ұстанудың маңыздылығын түсіну.	7	Тамақтану мәдениеті	1	
	Тамақтану ережесі Бөлімше Дәрумендердің пайдасы	Пайдалы және зиянды азық-түліктерді ажырату. Дәрумендердің пайдасын түсіну және түсіндіру. Дәрумендер қорын білу.	8	Дәрумендер	1	
3-бөлім Қауіпсіздік ережелері	Үйдегі қауіпсіздік	Үйдегі қауіпсіздік ережесін сақтаудың қарапайым ережелерін білу. Полиция және жедел жәрдем қызметінің телефон нөмірін атау.	9	Қауіпсіздік мектебі. Мен үйдемін1-бөлім	1	
		Үйдегі қауіпсіздік ережесін сақтаудың қарапайым ережелерін білу. Газ және өрт сөндіру қызметінің телефон нөмірін атау.	10	Қауіпсіздік мектебі. Мен үйдемін2-бөлім	1	
		«Жаяу жүргіншілер», бағдаршам белгілерін түсіну.	11	Қауіпсіздік мектебі. Мен көшедемін. Жолда жүру ережесі	1	
	Көшедегі қауіпсіздік	Таныс емес аялдамада өзін-өзі ұстау ережесін түсіну.	12	Қауіпсіздік мектебі. Мен көшедемін	1	
		Таныс емес жағдайда өзін-өзі ұстау ережесін түсіну.	13	Қауіпсіздік мектебі. Бейтаныс адамдармен тілдесу ережесі	1	

3-бөлім Қауіпсіздік ережелері	Табиғаттағы қауіпсіздік	Ауа райының өзгеру жағдайына сәйкес қауіпсіздік ережесін білу.	14	Қауіпсіздік мектебі. Табиғи апат	1	
		Жәндіктер және жануарлармен қарым-қатынастағы қауіпсіздік ережесін білу және қолдану.	15	Қауіпсіздік мектебі. Қауіпті жануарлар	1	
		Өсімдіктер және улы жидектермен қауіпсіздік ережесін білу және қолдану.	16	Қауіпсіздік мектебі. Табиғатта өзін дұрыс ұстау	1	
Барлығы: 16,5 сағат						

Түсінік хат

«Қоршаған ортамен танысу» ұйымдастырылған оқу қызметі (ҰОҚ) бойынша дайындалған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша берілген оқу материалдары (бұдан әрі – Бағдарлама) баланың мектепте білім алу даярлығын (әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік-жігерлік, физикалық және зияткерлік даярлығы) қамти отырып, баланың коммуникативтік дағдыларының қалыптасуына, танымдық және әлеуметтік мотивтерінің көрінуіне, қызығушылығы мен білім алуға деген құштарлығының дамуына ықпал етеді. Осы берілген бағдарлама бөлімінде 5 – 6(7) жастағы тәрбиеленушілерді тәрбиелеу мен оқытудың мынадай мақсаты мен міндеттері анықталған:

Мақсаты: балалардың қоршаған орта, адамдардың іс-әрекеті жайлы түсінігін кеңейту.

Міндеттері:

Бала, оның отбасы, үйі.

Туыстық байланыстар туралы ұғымды, өз шежіресіне қызығушылықты жетілдіру. Балалардың бойында өз отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үй тапсырмаларын орындау, отбасы мүшелеріне өзінің жақсы көру сезімдерін айта білуге тәрбиелеу.

Заттар әлемі, кеңістікте бағдарлау.

Заттар, олардың белгілері мен қолданысы туралы ұғымдарын бекіту. Балалардың сөйлеу тілінде түрлі заттардың атауларын нақтылау және белсендіру, таныс емес заттардың қолданылуын түсіндіру. Айналадағы заттардың атқаратын қызметінің, осы заттар жасалған материалдың құрылысының арасындағы байланысты түсінуге үйрету. Мектепке дейінгі ұйымның ғимаратында, жақын орналасқан мөлтек ауданда еркін бағдарлау дағдыларын қалыптастыру.

Көлік, байланыс құралдары:

1) арнайы көлік құралдарының көп түрлілігі, белгілі жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықтары жайлы түсініктерді қалыптастыру;

2) тұрмыстық техниканың қызметтерімен оларды қолданудың бірнеше қарапайым ережесі туралы білімдерін бекіту.

Ересектердің еңбегі:

1) әртүрлі мамандық иелері, еңбектің мазмұны, сипаты және еңбек нәтижесінің маңызы туралы ұғымдарды қалыптастыру;

2) өз ата-анасының еңбегі жайлы әңгімелегенде, еңбек процесі туралы білімін қолдана білуге, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға үйрету. Түрлі кәсіп адамдарына құрмет көрсету. Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар - адамдардың еңбегімен жасалғандығы туралы, оларға ұқыпты қарау керек екендігін түсіндіру.

Менің Отаным - Қазақстан. Еліміздің рәміздері.

Қазақ халқының тарихи түп тамыры туралы: қазақ киіз үйінің құрылысы және ішкі жиһаздары туралы түсініктерін қалыптастыру. Қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы білімдерін кеңейту. Қазақтардың көшпенді өмірі туралы көрнекі материалдар негізінде суреттеуді үйрету. Отан туралы, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері туралы білімдерін кеңейту. Қазақстан Республикасының Президенті, оның халыққа қызмет ететіндігі, өз халқының түрлі мәселелерін шешетіндігі туралы білімін жетілдіру.

Қазақстан Республикасының әскері.

Қазақстан Республикасы әскері, Отан қорғаушылар туралы түсініктерін жетілдіру. Ұлы Отан соғысының ардагерлерінің ерлігіне құрмет білдіруге тәрбиелеу.

Жолда жүру ережелері.

Балалардың жолдың жүріс бөлігі, осьтік сызық туралы ұғымдарын бекіту. Жолда жүру ережелері туралы білімдерін бекіту.

Күтілетін нәтижелер:

- туыстық байланыстар туралы түсінікке ие;
 - отбасы мүшелеріне өзінің жақсы көру сезімдерін білдіре алады;
 - алуан түрлі материалдардың белгілері мен қасиеттері және қолданылуы арасындағы байланысты орнатады;
 - мектепке дейінгі ұйымның бөлмелерінде, жақын мөлтек ауданда еркін бағдар жасайды;
 - арнайы көлік құралдарының атқаратын қызметін біледі;
 - тұрмыстық техниканы пайдалану ережелерін игерген;
 - өзінің ата-анасының еңбегі туралы әңгімелейді;
 - түрлі кәсіп адамдарына құрмет көрсетеді,
- туған ел, мемлекеттік және халықтық мерекелер, ел рәміздері, Қазақстан Республикасының Президенті туралы білімдерді меңгерген;
- Қазақстан әскері туралы түсінікке ие, Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің ерлігіне құрмет көрсетеді;
 - жол қозғалысы ережелерін біледі.

«Қоршаған ортамен танысу» пәні бойынша мектепалды даярлық сыныбының ұйымдастырылған оқу қызметінің күнтізбелік – тақырыптық жоспар
Апталық жүктеме 0,5 сағат, жылдық жүктеме 16,5 сағат.
2021-2022 оқу жылына арналған.

Білім беру саласы: «Әлеумет»
 Бөлімі: «Қоршаған ортамен танысу»

№	Бөлім	Бөлімше	Оқыту мақсаты	№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
I	Мен және қоғам	Мен және менің отбасым	Отбасындағы өзара тату қарым-қатынастың маңызын түсініп, отбасы мүшелерімен бірлесе жұмыс жасау	1	Менің отбасым	1	
			Отбасы мүшелерін атап, міндеті мен өзіне тағылған жауапкершілікті білу	2	Отбасымының міндеттері мен қызметтері	1	
			Түрлі іс-әрекет түрлеріндегі өз жетістіктеріне тең баға беру				
		.Менің мектебім	Түрлі әлеуметтік жағдаяттарда шешім қабылдау	3	Мектеппен танысамыз	1	
			Қарапайым этикалық нормаларды біліп, сақтау				
		Мамандықтар	Бірлесе жұмыс жасау, еңбек нәтижесін бағалау	4	Мектептегі қауіпсіздік және тәртіп ережелері	1	
			Мектептегі және сыныптағы негізгі ережелерді білу және оларды сақтау				
		II	Менің туған өлкем	Мамандықтар	Еңбектің маңызын және адам өміріндегі барлық мамандықтардың қажеттігін түсіндіру	5	Мамандықтар әлемінде
Еңбектің маңызын және адам өміріндегі барлық мамандықтардың қажеттігін түсіндіру	6				Барлық мамандықтар қажет	1	
Көлік және байланыс құралдары	Байланыс құралдарының адам өміріндегі қажеттілігін түсініп, олардың қолданылу аясын атау			7	Байланыс құралдары	1	
	Қозғалыс ортасы мен қолданылуы бойынша көлік түрлерін ажырату және сипаттау			8	Көлік түрлері	1	
III	Тарих беттерінен	Қазақстанның тарихи тамырлары	Өз өңірінде бағдарлану тәсілдерін және өз үйінің (тұрғылықты мекенжайын) мекенжайын атау	9	Мен тұратын қала (ауыл)	1	
			Өз өңірінің климаты мен табиғатын сипаттау	10	Туған өлкемнің табиғаты	1	
III	Тарих беттерінен	Қазақстанның тарихи тамырлары	Өз өңірін сурет/сызбада бейнелеу				
			Көрнекі материалдарды зерделеу негізінде қазақ халқының көшпенділік тұрмысын сипаттау	11	Қазақ халқының мәдениеті	1	
			Белгілі батырлармен және тұлғалармен танысып, олар	12	Өмірлері өнеге	1	

			жайлы әңгімелеп айту		болған ұлы адамдар		
	Өнер және мәдениет	Киіз үйдің құрылысы мен жабдықтарын атау, олардың қолданыстағы икемділігін түсіндіру	13	Қазақ халқының қолөнері	1		
		Ұлттық қолданбалы өнер туралы алған түсінігі мен әсерлерін түрлі жолдармен жеткізу	14	Зергерлік бұйымдар	1		
	Тәуелсіз Қазақстан	Мемлекеттік рәміздерді атау	15	Мемлекеттік рәміздер	1		
		Қазақстанның астанасын атау, мемлекеттік рәміздерді білу	16	Астана – бас қала	1		

Түсінік хат

«Құрастыру» оқу-әдістемелік кешені жаңа буынның төмендегі нормативтік құжаттарына сәйкес дайындалған.

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (*Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 ж. 15 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген*). Аталған стандарт Қазақстан Республикасының Мектепке дейінгі және мектепалды даярлық білім берудің **жаңа методологиялық негізін** анықтайды;
2. 1 жастан 5(6) жастағы балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (*Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 22 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген*);
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (*Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген*). Жаңартылған бағдарлама мектепке дейінгі білім берудің контекстегі 5 білім беру саласына жаңа мазмұн ұсынып отыр.

ОӘК дайындаудың негізгі мақсаты – аталған нормативтік құжаттарда көрсетілген мектепалды даярлық пен бастауыш мектеп арасындағы оқытудың бірізділігін сақтау. Бұл әдістемелік нұсқау Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы «Таным» білім беру саласындағы «Құрастыру» ұйымдастырылған оқу қызметі (ҰОҚ) бойынша дайындалған.

ҚР Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу (бұдан әрі – Бағдарлама) баланың мектепте білім алу даярлығын (әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік-жігерлік, физикалық және зияткерлік даярлығы) қамти отырып, баланың коммуникативтік дағдыларының қалыптасуына, танымдық және әлеуметтік мотивтерінің көрінуіне, қызығушылығы мен білім алуға деген құштарлығының дамуына ықпал етеді.

Бағдарлама құрылымы мен мазмұны педагогикалық қағидаттар негізінде құрылған: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың тәрбиелік, дамытушылық, оқытушы міндеттерінің бірлігі мен кіріктірілуі, бірізділігі, жүйелілігі, сабақтастығы сақталған.

Бұл бағдарламаның негізін құрайтын идеялар:

- тәрбиеленушілердің мектепке психологиялық даярлығын қалыптастыруды көздейтін бағыт;
- бағдарламаның мақсатына жетуде барлық субъектілердің ынтымақтастығы мен бірлескен шығармашылығы болып табылады.

Барлық іс-шаралар мен ҰОҚ болашақ бірінші сынып оқушыларын оқытуға емес, олардың белсенділігін, дербестігін, шығармашылық қабілеттерін, танымдық қызығушылығын, құрдастарымен және тәрбиеленушілермен бірлесе отырып білу біліктерін дамытуға ерекше мән береді.

Мақсаты: құрастыру дағдыларын қалыптастыру, шығармашылық қиял мен логикалық ойлауды дамыту.

Міндеттері:

Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру:

- 1) берілген тақырып бойынша, сөзбен сипаттау, сурет, фотосурет бойынша құрылыс салуға үйрету;
- 2) өз құрылысын талдай білуді бекіту және талдау негізінде құрылымдық шешімдер табу, оларды құру кезеңдерін жоспарлау.

Қағаздан құрастыру.

Қағаз цилиндрлерден, оларды қосу әдісімен жануарлардың, адамдардың пішіндерін жасай білуге үйрету. Пішіндердің түрлі күйлері мен қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру.

Ұжымдық сюжетті құрастыру.

Шығармашылық ойлауды және қиялдауды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді формаға өзгерте білуді бекіту. Дайын пішілген кескіндермен жұмыс жасау, күрделі емес сызба сызу, қайшымен нұсқаны тілік етіп кесу мен ойып ала білуді қалыптастыру.

Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.

Табиғи материалдарды мақсатты пайдалана білуді бекіту. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс кезінде өз әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік, шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу. Шығармашылық қиялын, ұсақ заттар жасауды көрнекіліктер қолдану арқылы және ойдан шығару, өзінің көз алдына елестету арқылы жасай білуді дамыту.

Күтілетін нәтижелер:

- қалдық және табиғи материалдардан заттар құрастырады;
- шарты бойынша, ойдан құрастырады;
- ұжыммен жұмыс жасай біледі;
- жазықтық қағаз пішіндерді көлемді пішіндерге өзгерте біледі;
- жұмыс орнындағы тәртіпті сақтайды.

«Құрастыру» пәні бойынша мектепалды даярлық сыныбының ұйымдастырылған оқу қызметінің күнтізбелік – тақырыптық жоспар
Апталық жүктеме 0,5 сағат, жылдық жүктеме 16,5 сағат.
2021-2022 оқу жылына арналған.

Білім беру саласы: «Таным»
Бөлімі: «Құрастыру»

№	Ортақ тақырып	Бағдарлама бөлімдеріне сілтеме	Оқыту максаттары	№	ҰОҚ-нің тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1	Мен Кімін және қандаймын?	Табиғи және жасанды материалдарды ажырату. Қауіпсіздік және еңбек мәдениеті. Тұсаукесер және жұмысты бағалау.	Табиғи және жасанды материалдарды ажырату. Өзінің шығармашылық жұмысының нәтижесін сипаттау және бағалау.	1	Біз қандай балалармыз?	1	
		Табиғи және жасанды материалдарды ажырату. Қауіпсіздік және еңбек мәдениеті. Құрастыру түрлеріне сәйкестүрлі техникалар ментәсілдерді қолдану. Тұсаукесер және жұмысты бағалау.	Табиғи және жасанды материалдардың қасиеттерін атау. Материалдармен және құралдармен жұмыс жасау кезінде техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау.	2	Көңілді қуыршақтар.	1	
2	Мектепке не үшін барамыз?	Табиғи және жасанды материалдарды ажырату. Қауіпсіздік және еңбек мәдениеті. Құрастыру техникалары мен тәсілдері. Тұсаукесер және жұмысты бағалау.	Заттардың қолданылу аясы мен құрылуы арасындағы байланысты орнату. Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру. Өзінің шығармашылық жұмысының нәтижесін сипаттау және бағалау.	3	Мен мектепке не апарамын?	1	
		Табиғи және жасанды материалдарды ажырату. Қауіпсіздік және еңбек мәдениеті. Шығармашылық. Тұсаукесер және жұмысты бағалау.	Заттардың қолданылу аясы мен құрылуы арасындағы байланысты орнату. Өз ойы бойынша түрлі материалдардан құрастырып шығу.	4	Қарындаш салуға арналған стакан.	1	

3	Менің Айналада кімдер бар?	Қауіпсіздік және еңбек мәдениеті. Шығармашылық.	Материалдармен және құралдармен жұмыс жасау кезінде техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жобаны командада жасау, команда үшін маңызы мен өз орнын білу.	5	Менің ынтымақты отбасым.	1	
4	Менің айналымды не қоршап тұр?	Табиғи және жасанды материалдарды ажырату. Қауіпсіздік және еңбек мәдениеті. Құрастыру техникалары мен тәсілдері. Жұмыс кезеңдерін жоспарлау. Тұсаукесер және жұмысты бағалау.	Заттарды ортақ белгілері бойынша топтау, геометриялық фигураларды сипаттау және салыстыру. Жұмыс алгоритміне сәйкес құрастыру. Өзінің шығармашылық жұмысының нәтижесін сипаттау және бағалау.	6	Менің сүйікті жануарларым.	1	
		Табиғи және жасанды материалдарды ажырату. Қауіпсіздік және еңбек мәдениеті. Құрастыру техникалары мен тәсілдері. Шығармашылық. Тұсаукесер және жұмысты бағалау.	Табиғи және жасанды материалдардың қасиеттерін атау. Құрастыру түрлеріне сәйкес түрлі техникалар мен тәсілдерді қолдану. Өзінің шығармашылық жұмысының нәтижесін сипаттау және бағалау.	7	Айналам қандай тамаша!	1	
5	Жолдар білі қайда бастайды?	Қауіпсіздік және еңбек мәдениеті. Құрастыру техникалары мен тәсілдері. Жұмыс кезеңдерін жоспарлау. Тұсаукесер және жұмысты бағалау.	Жұмыс алгоритміне сәйкес құрастыра отыра, өз ойы бойынша түрлі материалдардан құрастырып шығуға бейімдеу.	8	Біз алыс қаспар шегеміз.	1	
		Қауіпсіздік және еңбек мәдениеті. Құрастыру техникалары мен тәсілдері. Жұмыс кезеңдерін жоспарлау. Шығармашылық.	Жұмыс алгоритміне сәйкес құрастыра отыра, өз ойы бойынша түрлі материалдардан құрастырып шығуға бейімдеу.	9	Ментұратын көше және үй.	1	
6	Салт-дәстүрлі білу не үшін керек?	Қауіпсіздік және еңбек мәдениеті. Шығармашылық. Тұсаукесер және жұмысты бағалау.	Материалдармен және құралдармен жұмыс жасау кезінде техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау. Құрастыру түрлеріне сәйкес түрлі техникалар мен тәсілдерді қолдану. Өзінің шығармашылық жұмысының нәтижесін сипаттау және бағалау. Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру.	10	Киіз үйді қалай безендіремін?	1	

		Қауіпсіздік және еңбек мәдениеті Құрастыру техникалары мен тәсілдері Шығармашылық Тұсаукесер және жұмысты бағалау	Құрастыру түрлеріне сәйкес түрлі техникалар мен тәсілдерді қолдану. Жұмыс барысында өз орнын және құрал-жабдықтарын жинастыру, ретке келтіру, өзінің шығармашылық жұмысының нәтижесін сипаттау және бағалау.	11	Ертегідегі ғажайып сарай	1	
7	Мен үшін не дәмді және пайдалы?	Қауіпсіздік және еңбек мәдениеті. Құрастыру техникалары мен тәсілдері. Жұмыс кезеңдерін жоспарлау. Тұсаукесер және жұмысты бағалау.	Материалдармен және құралдармен жұмыс жасау кезінде техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау.	12	Мен дәрумендер туралы не білемін?	1	
		Табиғи және жасанды материалдарды ажырату. Қауіпсіздік және еңбек мәдениеті. Құрастыру техникалары мен тәсілдері. Тұсаукесер және жұмысты бағалау.	Табиғи және жасанды материалдарды ажырату. Материалдармен және құралдармен жұмыс жасау кезінде техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау, құрастыру түрлеріне сәйкес түрлі техникалар мен тәсілдерді қолдану. Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру.	13	Алтынбалық.	1	
8	Денсаулықым қалай күту керек?	Табиғи және жасанды материалдарды ажырату. Қауіпсіздік және еңбек мәдениеті. Шығармашылық.	Заттардың қолданылу аясы мен құрылуы арасындағы байланысты орнату. Жобаны командада жасау, команда үшін маңызы мен өз орнын білу.	14	Мен іңсүйікті ойындарым.	1	
		Табиғи және жасанды материалдарды ажырату. Қауіпсіздік және еңбек мәдениеті. Шығармашылық. Тұсаукесер және жұмысты бағалау.	Заттардың қолданылу аясы мен құрылуы арасындағы байланысты орнату. Құрастыру түрлеріне сәйкес түрлі техникалар мен тәсілдерді қолдану. Өзінің шығармашылық жұмысының нәтижесін сипаттау және бағалау.	15	Мен дойбы ойнауды үйренемін.	1	
		Табиғи және жасанды материалдарды ажырату. Қауіпсіздік және еңбек мәдениеті. Шығармашылық. Презентация және жұмысты бағалау.	Заттардың қолданылу аясы мен құрылуы арасындағы байланысты орнату. Өз ойларынан әртүрлі материалдарды пайдаланып құрастыра алу, өзінің шығармашылық жұмысының нәтижесін сипаттау және бағалау. Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру.	16	Мен санап үйренемін.	1	

Түсінік хат

«Математика негіздері» оқу-әдістемелік кешені жаңа буынның төмендегі нормативтік құжаттарына сәйкес дайындалған.

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (*Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2016 ж. 15 мамырдағы № 292 қаулысымен бекіген*). Аталған стандарт Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі және мектепалды даярлық білім берудің жаңа методологиялық негізін анықтайды.

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (*Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекіген*). Жаңартылған бағдарлама мектепке дейінгі білім берудің контекстегі 5 білімдік саласына жаңа мазмұн ұсынып отыр.

ОӘК дайындаудың негізгі мақсаты – аталған нормативтік құжаттарда көрсетілген мектепалды даярлық пен бастауыш мектеп арасындағы оқытудың бірізділігін сақтау.

Бағдарламада қарапайым математика негіздері ұйымдастырылған оқу қызметінің (ҰОҚ) мақсаттары мен міндеттері толық айқындалған.

Мақсаты:

-қарапайым логикалық-математикалық ұғымдарды қалыптастыру және зияткерлік-шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Міндеттері:

-ақиқатты танудың математикалық тәсілдерін таныстыру: санау, өлшеу, қарапайым есептеу;

-тапсырманы стандартты емес жолмен шешуге деген тапқырлығын, зеректігін, ұғымталдығын, ұмтылысын дамыту;

-ойлау әрекетінің тәсілдерімен таныстыру.

Жиын.

Жиын және оның құрамы арасындағы қатынастарды орната білуді дамыту; бүтін өзінің бөліктерінен үлкен екендігін, бірдей сандардың өзара бірыңғай сәйкестігі, үлкен және кіші бөліктерді анықтау.

Сан, санау:

1) 10 саны көлеміндегі сандар мен цифрлар туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды танып және атай білуге үйрету. 10 көлеміндегі санды тура және кері санауға жаттықтыру;

2) тең туралы ұғымдарын қалыптастыру, топтағы әр түрлі заттардың тең мөлшерін анықтай білуге үйрету, топтарды санау мен салыстыру арқылы санның мағынасын дұрыс жалпылау;

3) заттарды бірнеше бірдей бөлікке бөлуге болатыны туралы түсінікті қалыптастыру, бұл бөліктерді атап, бүтін мен бөліктерді салыстыруға үйрету. Бүтінді түсінуге баулу (бөліктен бүтін үлкен, ал бөлік бүтіннен кіші);

4) қарапайым мысалдар мен есептерді шеше білу дағдыларын бекіту.

Шама.

Шартты өлшемнің көмегімен заттың шамасын салыстыруға үйрету. Арнайы ұйымдастырылған жағдайда заттардың ұзынырақ (қысқа), жоғары (төмен), кең (тар), қалың (жұқа) үлгісінде және оларға тең екендігін таба білуге баулу.

Геометриялық пішіндер.

Айналасына қарап геометриялық пішіндерді табу, оларға талдау жасай білуді меңгерту. Геометриялық пішіндер мен денелерді атап, ажырата білуге жаттықтыру.

Геометриялық пішіндерді модельдеу: ауызша сипаттау бойынша пішіндерді құрастыру және сипаттық ерекшеліктері бойынша оларды атау; ойлауы бойынша пішіндерден тақырыптық композиция құрастыру.

Кеңістікте бағдарлау.

Заттың қай жерде, қалай, өзіне немесе қай затқа жақын орналасқандығын ауызша жеткізе білуге үйрету. Белгілі бір бағытта келе жатып, белгі бойынша бағытын өзгерте білуін қалыптастыру. Қағаз бетінде бағдарлай білу дағдысын бекіту.

Уақытты бағдарлау.

Түрлі оқиғалар, апта күндері, тәулік бөліктерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту. Жыл айлары туралы түсініктерін қалыптастыру, олардың реттілігін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау.

Салмақты өлшеу.

Дүкендерде қолданылатын таразы туралы ұғымдарын қалыптастыру. Заттардың салмағын өлшеуге қызығушылықтарын дамыту.

Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды қалыптастыру.

Талдау, салыстыру, қарапайым ой қорытындысын жасауға үйрету.

Бейнені контуры бойынша штрихтауға және бояуға, тор көзді дәптерде, қағаз бетінде, жазықтықта бағдарлауға, берілген бағытта графикалық диктанттар (есту арқылы тор көздер бойынша) орындауға үйрету.

Күтілетін нәтижелер:

- жиынтықтың құрамдас бөліктерін ажырата алады;
- 10 көлеміндегі сандарды біледі, оларды тура және кері санайды;
- қарапайым мысалдар мен есептерді шешеді, заттардың саны және шамасы бойынша арақатынастарын көрсететін математикалық терминдерді қолданады;
- жазық геометриялық пішіндерді біледі және ажыратады;
- апта күндерін, жыл мезгілінің айларын атайды;
- заттарды салмағы бойынша анықтайды, заттың салмағы оның өлшеміне байланысты емес екендігін біледі;
- циферблат бойынша уақытты анықтайды;
- пазлдарды жинайды, логикалық ойын тапсырмаларын орындайды;
- графикалық диктанттар (есту арқылы тор көздер бойынша) орындайды.

«Математика негіздері» пәні бойынша мектепалды даярлық сыныбының ұйымдастырылған оқу қызметінің күнтізбелік – тақырыптық жоспар
Апталық жүктеме 1 сағат, жылдық жүктеме 33 сағат.
2021-2022 оқу жылына арналған.

Білім беру саласы: «Таным»
 Бөлім: «Математика негіздері»

Бөлім, бөлімше	№	ҰОҚ-нің тақырыбы, өтпелі тақырып	Оқыту максаттары	Сағат саны	Мерзімі
1-бөлім.Кеңістіктебағдарлану	Мен кіммін және қандаймын?				
Заттардң кеңістікте орналасуы	1	Танысу. Не қайда орналасқан?	Кеңістікте бағдарлану: сол жақ, оң жақ, үстінде, астында, алдында (алды), артында, (арты), жақын, арасында, қасында.	1	
		Менің бөлmem. Қағаз бетіне бағдарлаймын	Қағаз бетінде бағдарлану, карточкалардағы геометриялық фигуралардың орналасуын сипаттау.		
	2	Менің ойыншықтарым. Не қайда орналасқан?	Қағаз бетінде бағдарлану, карточкалардағы геометриялық фигуралардың орналасуын сипаттау. Кеңістікте бағдарлану: сол жақ, оң жақ, үстінде, астында, алдында (алды), артында, (арты),жақын, арасында, қасында.	1	
		Менің аулам. Не қайда орналасқан?	Кеңістікте бағдарлану: солжақ, оң жақ, үстінде, астында,алдында (алды), артында, (арты),жақын, арасында, қасында.		
	3	Менің мерекем. Заттарды өлшемі (биіктігі, ұзындығы, қалыңдығы) бойынша салыстырамын	Заттарды ені, биіктігі,жуандығы бойынша салыстырып,көлемдерінің арақатынасыкөрсетілген заттарды табу, олардыөлшемдерінің өсу (кему) ретіменорналастыру.	1	
		Менің ойыншықтарым. Затттарды салыстырамын және ретімен қоямын	Заттарды ені, биіктігі,жуандығы бойынша салыстырып,көлемдерінің арақатынасыкөрсетілген заттарды табу, олардыөлшемдерінің өсу (кему) ретіменорналастыру.		
2-бөлім.Сан жәнесанау	Мектеп не үшін керек?				
Заттарды санау	4	Анама көмектесемін. 5-ке дейін санаймын	20 көлеміндегі сандарды туражәне кері санау. Заттарды саны бойыншасалыстырып, олардың реттік нөмірінатау.	1	
		Айналамдағы заттарды санаймын. 1-ден 5-ке дейінгі сандар	20 көлеміндегі сандарды туражәне кері санау. Заттарды саны бойыншасалыстырып, олардың реттік нөмірінатау.		
	5	Санап үйренемін. 1-ден 10-ға дейінгі сандар	20 көлеміндегі сандарды туражәне кері санау. Заттарды саны бойыншасалыстырып, олардың реттік нөмірінатау.	1	
		Айналамдағы заттарды санаймын. 10-ға дейінгі реттік санау	20 көлеміндегі сандарды туражәне кері санау. Заттарды саны бойыншасалыстырып, олардың реттік нөмірінатау.		
	6	Сурет салып үйренемін. «Нешеу?» және «Реті бойынша нешінші?» екенін анықтаймын	20 көлеміндегі сандарды туражәне кері санау. Заттарды саны бойыншасалыстырып, олардың реттік нөмірін атау.	1	
		Менің оқу құралдарым. 11-ден 20-ға дейінгі сандар	20 көлеміндегі сандарды туражәне кері санау. Заттарды саны бойыншасалыстырып, олардың реттік нөмірінатау.		

	7	Менің оқу құралдарым. 1-ден 20-ға дейінгі сандар Құрылысшы боламын. 20-ға дейін санап үйренемін. Алдыңғы. кейінгі	20 көлеміндегі сандарды туражәне кері санау. Заттарды саны бойыншасалыстырып, олардың реттік нөмірінатау. 20 көлеміндегі сандарды туражәне кері санау. Заттарды саны бойыншасалыстырып, олардың реттік нөмірінатау.	1	
	8	20-ға дейін санап үйренемін. Санау бойынша нешінші? Қанша? Достарыммен бірге үйренемін. Артық.. Кем. Сонша	20 көлеміндегі сандарды туражәне кері санау Заттарды саны бойыншасалыстырып, олардың реттік нөмірінатау. Топтардағы заттарды алыптастап немесе қоса отырып, санынсалыстыру /теңдік пен теңсіздіктіанықтау, топтарды салыстыру жәнесанау негізінде сандық мәнінжалпылау.	1	
	Менің айналамда кімдер бар?				
	9	Менің көршілерім. Артық.. Кем. Сонша.	Топтардағы заттарды алыптастап немесе қоса отырып, санынсалыстыру /теңдік пен теңсіздіктіанықтау, топтарды салыстыру жәнесанау негізінде сандық мәнінжалпылау.	1	
	10	Қатарға тұрамыз. Алдыңғы. Кейінгі Ынтымағы жарасқан отбасы. Алдыңғы. Кейінгі	Кез келген санды бір санғаарттырса, одан кейінгі сан шығатынын түсіну. Кез келген саннан бір сандыкемітсе, одан бұрынғы (алдындағы)сан шығатынын түсіну. Кез келген санды бір санғаарттырса, одан кейінгі саншығатынын түсіну. Кез келген саннан бір сандыкемітсе, одан бұрынғы (алдындағы)сан шығатынын түсіну.	1	
Жиын және логика элементтері	11	Достарыммен ойнаймын. Заттардың қасиеттері Әжеме көмектесемін. Заттар жиыны	Заттарды белгілі бір қасиетібойынша жиынға біріктіру. Жиын элементтерін атау. Заттарды белгілі бір қасиетібойынша жиынға біріктіру Жиын элементтерін атау.	1	
	12	Достарыммен ойнаймын. Заттарды жиынға біріктіру Анама көмектесемін. Фигуралар тізбегі Достарыммен жасаймын. Тізбек және заңдылық	Заттарды белгілі бір қасиетібойынша жиынға біріктіру. Жиын элементтерін атау. Түрлі жағдаяттардың/фигуралардың /уақыттың (күн, апта,ай, жыл) тізбегін орнатып,жалғастыру. 1-ден 20-ға дейінгі сандардыңреттік қатарында қалып қойған сандыатау. Заңдылықты талдап, қатенімұғалімнің көмегімен табу.	1	
	Менің айналамды не қоршап тұр?				
Тізбектер	13	Қай уақытта болады? Бүгін, кеше, ертең, бүрсігүні; таңертең, кешке, күндіз, түнде Мен айналаны танып-білемін. Апта күндері	Түрлі жағдаяттардың/фигуралардың /уақыттың (күн, апта, тай, жыл) тізбегін орнатып,жалғастыру. Уақыт туралы түсінікті білу:бүгін, кеше, ертең, бүрсігүні; тәулікбөліктері. Аптадағы күндердің/жылдағыайлардың санын білу.	1	
Шамалар	14	Маған ұнайтын жыл мезгілі. Оқиғаның ретін белгілеймін Ас атасы – нан. Ай атаулары, апта күндері, тәулік бөліктері	Түрлі жағдаяттардың/фигуралардың /уақыттың (күн, апта,ай, жыл) тізбегін орнатып,жалғастыру. Уақыт туралы түсінікті білу:бүгін, кеше, ертең, бүрсігүні; тәулікбөліктері. Аптадағы күндердің/жылдағыайлардың санын білу.	1	

	15	Біз өнім жинадық. Ұзындықты өлшеймін	Шартты өлшемнің көмегімен заттарды ұзындығы/салмағы бойыншасалыстыру.	1	
		Фермада. заттарды ұзындығы бойынша салыстырамын	Шартты өлшемнің көмегімен заттарды ұзындығы/салмағы бойыншасалыстыру.		
	16	Фермада. заттың салмағын анықтаймын	Шартты өлшемнің көмегімен заттарды ұзындығы/салмағы бойыншасалыстыру.	1	
		Табиғат сыйы. Заттарды салмағы бойынша салыстырамын	Шартты өлшемнің көмегімен заттарды ұзындығы/салмағы бойыншасалыстыру.		

Бөлім, бөлімше	№	Сабақтың тақырыбы, отпелітақырып	Оқыту мақсаттары	Сағат саны	Мерзімі
3-бөлім. Геометриялық фигуралар					
Фигуралар мен денелер	17	Жолдар бізді қайда бастайды?		1	
		Мен жол саламын. Фигуралар ең заттардың пішінін атаймын	Геометриялық фигуралар (шеңбер, сопақ, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) ажыратып, дұрыс атау.		
	18	Көліктер. Фигуралар мен заттардың пішінін атаймын	Геометриялық фигуралар (шеңбер, сопақ, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) ажыратып, дұрыс атау.	1	
		Серуенге атпен шығамыз. Фигуралар ең заттардың пішінін атаймын	Геометриялық фигуралар (шеңбер, сопақ, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) ажыратып, дұрыс атау.		
		Ұшақпен ұшамыз. Бүтінді және бөлікті салыстырамын	Фигураларды (шаршы, тіктөртбұрыш) екі қасиеті бойынша жіктеу.		
		Жол бойынан нені көруге болады? Бүтін және бөліктер	Заттарды бірнеше бірдей бөлікке бөлу, бүтін мен бөлшектерді салыстыру.		
Фигуралардың өзара орналасуы	19	Астанаға саяхат жасаймыз. Бөліктерден фигура құрастырамын	Үлгі бойынша геометриялық фигураларды құрастыру.	1	
		Атам мен әжемнің ауылына барамын. Бөліктерден фигура құрастырамын.	Үлгі бойынша геометриялық фигураларды құрастыру.		
	20	Велосипед тебеміз. Фигураларды таңдаймын және құрастырамын	Объектілерді бірден бірнеше белгісіне сүйене отырып, үлгі бойынша таңдай алу. Фигураларды (шаршы, тіктөртбұрыш) екі қасиеті бойынша жіктеу.	1	
4-бөлім. Математикалық модельдеу					
	21	Салт-дәстүрді білу не үшін керек?		1	
		Менің анам. Заттар тобын салыстырамын. ($=$, $>$, $<$) белгілері	Белгілерді тану ($=$, $>$, $<$).		
		Менің достарым. Заттар тобын салыстырамын	Таңбаларды тану ($=$, $>$, $<$).		
	22	Мен мектепке барамын. Қосамын және азайтамын	«+» таңбасын заттарды қосатын таңба ретінде, «-» таңбасын заттар тобынан кеміту таңбасы ретінде түсіну және оларды пайдалану.	1	

Математикалық тіл және математикалық модельдеу		Менің отбасым. Қосамын және азайтамын	«+» таңбасын заттарды қосатын таңба ретінде, «-» таңбасын заттар тобынан алу таңбасы ретінде түсіну және оларды пайдалану.		
	23	Туған өлке табиғаты. Қосуды және азайтуды үйренемін	«+» таңбасын заттарды қосатын таңба ретінде, «-» таңбасын заттар тобынан алу таңбасы ретінде түсіну және оларды пайдалану.	1	
		Менің елімнің мерекелері. Қосуды және азайтуды үйренемін	«+» таңбасын заттарды қосатын таңба ретінде, «-» таңбасын заттар тобынан алу таңбасы ретінде түсіну және оларды пайдалану.		
	24	Жұмбақтар. Мысалдар шығарамын. Цифрларды бастырып жазамын	Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар ментапсырмаларды шешу.	1	
		Туған өлкем. Мысалдар шығарамын. Цифрларды бастырып жазамын	Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар ментапсырмаларды шешу.		
	Мен үшін не дәмді және пайдалы?				
	25	Жемістер мен көкөністер. Мысалдар шығарамын. Цифрларды бастырып жазамын	Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды шешу.	1	
		Көкөністер жеймін. Мысалдар шығарамын	Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды шешу.		
	26	Пайдалы азық-түлік. Цифрларды бастырып жазамын. Мысалдар шығарамын	Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар ментапсырмаларды шешу.	1	
		Ас атасы – нан. Цифрларды бастырып жазамын. Мысалдар шығарамын	Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар ментапсырмаларды шешу.		
	28	Сүт тағамдары. Есеп және мысалдар шығарамын	Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар ментапсырмаларды шешу.	1	
		Пайдалы азық-түлік. Есеп және мысалдар шығарамын	Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар ментапсырмаларды шешу.		
	29	Анаммен бірге әзірлеймін. Мысалдар шығарамын. Цифрларды бастырып жазамын	Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар ментапсырмаларды шешу.	1	
		Мектептегі таңертеңгілік ас. Есептер мен мысалдар шығарамын	Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар ментапсырмаларды шешу.		
	Денсаулықты қалай күту керек?				
	30	Жаттығу жасаймыз. Есеп	Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар ментапсырмаларды шешу.	1	
		Спорт. Есеп шығарамын	Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар ментапсырмаларды шешу.		
		Спорттық ойындар. Мысалдар және есептер шығарамын	Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар ментапсырмаларды шешу.		
	31	Таза ауадағы қозғалыс ойындары. Есептер мен мысалдар шығарамын	қарапайым мысалдар ментапсырмаларды шешу.	1	
		Дене шынықтыру сабағы. Есептер мен мысалдар шығарамын	Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар ментапсырмаларды шешу.		

		Біз спортзалдамыз. Мысалдар мен есептер шығарамын	Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар менталдысымаларды шешу.		
	32	Серуен. Қортындылау	Материалды қорытындылау.	1	
		Гигиена. Менің қолымнан не келеді және не білемін?	Баланың жетістіктерінің деңгейін анықтау.		
	33	Спорттық ойындар. Мысалдар және есептер шығарамын	Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар менталдысымаларды шешу.	1	

Түсінік хат

«Музыка» оқу-әдістемелік кешені Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы «Шығармашылық» білім беру саласында «Музыка» бойынша дайындалған.

Жаңа буынның төмендегі нормативтік құжаттарға сәйкес дайындалған «Музыка» оқу-әдістемелік кешені:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (*Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 ж. 15 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген*). Аталған стандарт Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі және мектепалды даярлық білім берудің жаңа методологиялық негізін анықтайды;

2. 1 жастан 5(6) жасқа дейінгі балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 22 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген*);

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген*). Жаңартылған бағдарлама мектепке дейінгі білім берудің контекстегі 5 білімдік саласына жаңа мазмұн ұсынып отыр.

ОӘК дайындаудың негізгі мақсаты – аталған нормативтік құжаттарда көрсетілген мектепалды даярлық пен бастауыш мектеп арасындағы оқытудың бірізділігін сақтау.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» (бұдан әрі – Бағдарлама) баланың мектепке білім алу даярлығын (әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік-жігерлік, физикалық және зияткерлік даярлығы) қамти отырып баланың коммуникативтік дағдыларының қалыптасуына, танымдық және әлеуметтік мотивтерінің көрінуіне, қызығушылығы мен білім алуға деген құштарлығының дамуына ықпал етеді.

Мақсаты: алуан түрлі музыкалық іс-әрекет арқылы шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру, эмоциялық-сезімдік саланы, адамгершілік-эстетикалық сапаны дамыту, ұлттық музыкаға және өзге де елдердің музыкасына тұрақты қызығушылық пен сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Міндеттер:

Музыка тыңдау.

Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту. Домбыраның дыбысталуы бейнеленген пьесаларды әсерлі реңкі мен музыкалық мәнерлілік құралдарын белгілей отырып тыңдау. Лирикалық, вальс ырғағындағы байсалды әуендерді қабылдап, пьесаның билеуге икемді сипатын сезініп, қарқындық өзгерісін белгілеу. Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру, шығарманы сипаттай білу.

Қазақстан композиторларының шығармашылықтарымен таныстыруды жалғастыру.

Ән айту.

Келесі дағдыларды қалыптастыру:

- 1) бір дыбыстан құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындау;
- 2) қолымен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату;
- 3) фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен айту, оны металлофонда ойнау.

Сезіммен, ырғаққа сәйкес, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс дем алып, музыкалық кіріспеден соң бірден бастап айту. Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу.

Музыкалық-ырғақтық қимылдар, жаттығулар.

Музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру, тізені көтеріп жүгіруді орындау, ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру.

Ойындар, хороводтар.

Түрлі сипаттағы музыкамен байланысты музыкалық-ойын бейнелерін: байсалды, баяу және көңілді, шаттанған, би күйін мәнерлі жеткізу. Музыкаға сәйкес заттармен қозғалу, саптағы орнын өзгерте отырып, кеңістікте еркін бағдарлау: екі шеңбер, үлкен шеңберге тұру. Сюжетті ойындарды сахналауға үйрету.

Билер.

